

«Қызылорда газ тарату жүйесі» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі Теренозек аудандық газ шаруашылығының қызметкерінің арасында өткізілген жиналышының

ХАТТАМАСЫ

Қызылорда қаласы

№ 03

31.03.2023 жыл

Катысқандар; аудан газ шаруашылық қызметкерлері

КҮН ТӘРТІБІНДЕ

1. «Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес стратегиясы: негізгі мақсаттар және міндеттер» атты тақырыпта жиналыштың өтілуі туралы.

Тындалды: зангер Т. Каримов

Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы іске асыру мақсатында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қымыл саласындағы оң үдерістер» атты тақырыпта баяндама оқыды. Баяндамада осы күнге дейінгі сыбайлас жемқорлыққа тосқауыл қою мақсатында көптеген іс-шаралар жүзеге асырылып жатқанын мәлімдеді. Атап айттын болсақ Қазақстанның мемлекет дамуының алдыңғы кезеңдерінде жалпы мойындалған нәтижелерге қол жеткізгені туралы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қымыл ісінде айқын оң үдерістер байқалды. Бұл ретте алдын алу-профилактикалық қызмет жаңа құрылған орган үшін басымды болып табылды. Баяндама барысында қазіргі таңда жазадан ешкімніңде бұлтартпастығы қағидаты туралы түсіндіріп өтті.

Қызметкерлерге арнағы дайындалған жемқорлыққа қарсы күрес бойынша парапталар көрсетіліп таратылды. Баяндама барысында осы сала бойынша мекеме қызметкерлері өз сауаттылықтарын одан ары дамытты деп ойлаймын.

Баяндауши «Шешімін талап ететін проблемалар» тақырыбында баяндама оқыды. Баяндамашы қазіргі таңда шешімін таппаған сұрақтар мен проблемалардың бар екендігі жайлы айтып кетті. Сыбайлас жемқорлық проблемасы барлық елдерде бар, ол әлеуметтік – экономикалық ілгерілеуді баяулатып, тек өзіне тән көріністермен және ауқымымен ерекшеленеді. Қазіргі таңда заң аясында көптеген жұмыстар атқарылып, көптеген адамдар жауапқа тартылып жатқандығын ескеретін болсақ, сонда да елімізде жемқорлық деріті өршіп тұрғандығы айтылды. Жемқорлық бойынша тек бір тарап қана емес екінші тарапта жауапты екендігі туралы айтылды. Алдын алу – профилактикалық жұмыста да жүйелік жоқ. Осы орайда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қымыл

жөніндегі уәкілетті орган үшін қылмыстық қудалауға қарағанда, сыйбайлас жемқорлық көріністерінің себептері мен жағдайларын айқындау мен жоюға бағытталған алдын алу шараларын әзірлеу және қабылдау басымдық болуы тиіс екендігі туралы тоқталып кетті. Жемқорлық қазіргі таңда еліміздің экономикасына кері әсерін тигізіп жатқан үлкен мәселердің бірі екендігін атап айтты. Кез-келген адам өз құқығын білу керектігін және барлық зандарды жетік білу керектігін көрсетті. Барлық қызыметкерлерге осы жиналыс арқылы әр адам Жемқорлыққа жоқ деп айта алатындей сауатты және саналы болуы керектігін түсіндірді

Зәңгер



Т. Каримов